

"Салық салу объектісінің Жуалы ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Жуалы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №674 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 599 қаулысы . Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 4818 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына сәйкес, Жуалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Салық салу объектісінің Жуалы ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Жуалы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №674 қаулысына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік Тізілімінде №4487 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылы 08 қаңтарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жуалы ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулының Жуалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Уркумбаев Әбдикерим Култаевич жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жуалы ауданының әкімі

Н. Ергебеков

"Келісілді"

Жуалы ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы
_____Д. Жигитеков
" ____ " _____ 2020ж.

Жуалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 30 қарашадағы
№ 599 қаулысына қосымша

Салық салу объектісінің Жуалы ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Ауылдық округтің атауы	Елді мекендердің атауы	Коэффициент
1	Б. Момышұлы	Б. Момышұлы	2,65
2	Ақтөбе	Бәйтерек	1,6
		Жаңаталап	1,6
		Күркіресу стансасы	1,2
		Ақтоған	1,1
3	Ақсай	Дихан	1,7
		Қайрат	1,85
4	Билікөл	Әбдікадір	1,35
		Дарбаза	1,7
		Қарабастау	1,45
		Жылыбұлақ	1,85
5	Боралдай	Ертай	1,5
		Көлтоған	1,5
		Рысбек батыр	1,35
6	Жетітөбе	Кәріқорған	1,6
		Қоңыртөбе	1,5
		Қосмұрат	1,85
		Майбұлақ	1,75
		Тасбастау	1,6
		Шыңбұлақ	2,2
7	Көкбастау	Бақалы	2,3
		Көктөбе	1,85
		Қосбөлтек	1,75
		Теріс	2,3
8	Күреңбел	Күреңбел	1,7
		Қаратас	1,3
9	Қарасаз	Ақбастау	2,35
		Жүрімбай	2,05
		Қарасу	1,35
		Қарасаз	2,35

		Көктас	1,55
10	Қошқарата	Қызтоған	1,0
		Қошқарата	1,45
		Ақтасты	1,25
11	Қызыларық	Ақтөбе	1,7
		Алатау	1,6
		Қызыларық	2,2
		Сұрым стансасы	1,95
		Теріс ащы бұлақ	2,1
12	Мыңбұлақ	Көлбастау	2,4
		Талапты	2,3
13	Нұрлыкент	Қазбастау разъезді	1,25
		Нұрлыкент	2,4
		Түктібай	1,75
14	Шақпақ	Амансай	1,5
		Тәттібай Дүйсенбайұлы	1,75
		Шақпақ ата	1,8
		Шақпақ стансасы	1,7
		Ынтымақ	2,15
		Бирлик	1,0